

**"Қазалы аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 наурыздағы № 193 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 321 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 шілдеде № 5059 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 тамыздағы № 48 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 26.08.2016 № 48 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялауға жатады).**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

"Қазалы аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 наурыздағы № 193 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4644 нөмірімен тіркелген, аудандық "Тұран-Қазалы" газетінің 2014 жылғы 14 мамырдағы № 37-38 жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қазалы аудандық мәслихатының регламентінде мемлекеттік тілдегі нұсқасының 7 тармағы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі нұсқасы өзгеріссіз қалдырылсын:

"7. Мәслихаттың кезекті сессиясы жылына төрт рет шақырылады және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді".

Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
XXXXVI сессиясының төрағасы  
Н. Алмагамбетов*

*Аудандық мәслихат  
хатшысы  
Т. Бөрікұлақов*